


Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы.



Австрийская школа маржинализма



Экономика ғылымындағы неоклассикалық бағыт 19 ғ үшінші бөлгнде қалыптасты. әйтсе де бұл бағыттың бастау алуы одан ертерек болды. Нео тркеу экономикалық теорияда маржиналдық революцияның нәтижеснде пайда болды



Маржинализмнің қалыптасуы - математик-экономистердің еңбектерімен тығыз байланысты. Олар экономика ғылымындағы математикалық мектептің алғы шебі құрады. Оларға жататындары: А. Курно, Иоганн Генрих фон Тюнен, Герман Генрих Госсен.

Маржиналдық революция екі кезеңнен өтті: Бірінші кезең – 19 ғ 70-ж, бұл математик экономистердің еңбектерінің негізінде экономика ғылымында математикалық мектептің пайда болған кезең. Өкілдер: Уильям Стенли Джевонс, Карл Менгер, Леон Вальрас.

Маржиналдық революцияның екінші кезеңі
Маржиналдық революцияның екінші кезеңі

19 ғ 90-ж

Өкпдері

Альфред
Маршалл,

Джон Бейтс Кларк

Маржинализм австрия мектебнің қалыптасуы мен дамуы К. Менгер (1840-1921), Ф. Визер (1851-1926) және Бем-Баверк (1851-1919) еңбектерімен тығыз байланысты. Аталған мектептің негізін салушы К. Менгер болып табылады

1871 ж К. Менгер “Саяси экономия негіздемелер” кітабын басып шығарды. Адам қажеттіліктерін зерттеуді ол өзіне мақсат қылып қойды



Менгердің құндылық концепциясы дәйекті түрде субъективтілік блдред. Классикалық саяси экономия өкілдері құндылықты объективті түрде, игілікті жасаудағы өндіріс факторларының шығындарымен анықталатындығын қарастырған болатын

Менгердің талдауында құндылық игіліктің болашақ қажеттілікті қанағаттандыру қабілеті шартымен қарастырылады

Менгердің талдауында құндылық игіліктің болашақ қажеттілік қанағаттандыру қабілеті шартымен қарастырылады. Субъектінің бағалауынсыз кез-келген игілік құндылыққа ие бола алмайды

Менгер тұтынылатын әрбір он түрлі игіліктердің бағалауының шартты мысалын келтіреді

Мысалда осы әр түрлі игіліктер қажеттіліктерді қанағаттандыру маңыздылығына қарай сараланады

Нәтижесінде Менгер өз мысалында белгілі бір игілік бірлігінің құндылығын сол игіліктің шекті пайдаланылуы арқылы анықтайды

өз кезегінде әрбір қажеттілік қанағаттандырушы акттер тізбегі сараланады, яғни тұтынушы үшін тұтынылатын алғашқы игілік бірлігі, екіншісіне қарағанда құнды, екіншісі үшіншісіне қарағанда құнды, осылайша толық құнығу процесіне ейн, яғни кезекті игілік бірлігінен қанағаттану көрсеткіші нөлге тең болғанша

Менгер ғылымға өзінен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде даму алған бұталай идеялар енгізді. Мысалы, өндіріс факторының әр түрлі комбинациясында бірдей өнімді өндіріп шығару идеясы. Кейін бұл идея негізінде өндірістік функция теориясы қалыптасты.

К. Менгер сол сияқты экономика ғылымына сұраныс бағасы, ұсыныс бағасы ұғымдарын да келтірді


Менгер талдау процесіне “өтімділік” терминін келтірді. әр түрлі тауарлардың өтімділік қабілетінің әр түрлілігін айта келіп Менгер, ақшаның жоғары өтімділік қасиетін анықтайды: тұтынуға тікелей ұмтылыс пен қатар өтімділікке ұмтылыс айырбастың ықпалымен уәжі бола алады дейді.

К. Менгердің көптеген идеяларын оның шәкірті Е. Бем-Баверк жалғастырды. Оның негізгі еңбегі “Шаруашылық игіліктер құндылығының негізгі теориялары” деп аталады (1886). Ол құндылықтардың субъективті және объективті ұғымын пайдаланады.

Біріншісі тұтынушының тауарды жекелей бағалауы арқылы анықталады, екіншісінде рынокта бәсекелестік барысында анықталады және тауарлар айырбасының айырбас теңдігіне байланысты. Баға игіліктердің құндылығын субъективті бағалауға байланысты қалыптасады.




Субъективті бағалылық шекті пайдалылықтың туындысы, яғни игілік қорларындағы соңғы бірліктерінің пайдалылығы. Ал шекті пайдалылық өз кезегінде игілік бірліктерінің мөлшері мен жекелердің тұтыну қарқындылығына байланысты.



К. Менгер

Бем-Баверк игіліктерді салыстырудың менгерлік кестесін пайдаланады, оған бірқатар өзгерістер енгізеді. Ол қажеттіліктердің бөлшек-бөлшекпен емес, кейде мүлдем қанағаттанбайтындығын, немесе бүтіндей толық қанағаттанатындығын өзгертіп қып енгізеді.

Бем-Баверк пайдалылық мағнасы туралы түсінікті кеңейтеді. Біріншіден, ол пайдалылық деген түсінікті тек белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру деп қана түсініп қоймайды, оны машақат пен ауыртпалықтардан арылу деп те түсіндіреді. Сондықтан оның түсінігінде пайдалылық - ол қаржы шығындарын қысқарту мен күштерді үнемдей білу.



Бем-Баверк

Екіншіден Бем-Баверк түсінігінде субъект үшін белгілі бір игіліктің пайдалылығы, осы игіліктен қанағат алу үшін бас тартқан басқа игіліктердің шекті пайдалылығы арқылы анықталады. Менгерге қарағанда Бем-Баверк игіліктердің пайдалылығын есептеп шығаруға нақты өлшемдерді ұсынды. Ол нарықтық бағаға көп көңіл аударды. Менгердің сұраныс пен ұсыныс бағасын пайдалана отырып, ол нарықтық бағаның қалыптасуының моделін жасайды.

Осыған байланысты Бем-Баверк төменгі және жоғары шекті жұптар ұғымын енгізеді.

Жоғары шекті жұптар - әлсіз сатып алушылар мен әлді сатушылар жұбы. Төменгі шекті жұптар - әлді сатып алушылар мен әлсіз сатушылар жұбы.

Бем-Баверктң нарықтық бағасы осы ек шект жұптардың бағаларының арасындағы баға Бем-Баверктң нарықтық бағасы осы ек шект жұптардың бағаларының арасындағы баға



Фридрих Фон
Визер

Фридрих Фон Визер еңбектерінде австрия мектебнің концепциялары толығырақ баяндалады. Ф. Визер 1914 ж “Қоғамдық шаруашылық теориясы” деп аталатын өзінң негзг еңбегін жариялайды. Визер сонымен қатар өндрс шығындары заңын анықтады, кейін бұл заң Визер заңы деп аталды.

К. Менгер мен Бем-Баверкке қарағанда Визер үкметтің экономикаға араласуын жақтады. Австрия мектеб пайда және процент мәселелерін де шект пайдалылық теориясы тұрғысында талқылайды.


Австриялықтар, К. Маркст мысалға ала отырып монизм принципін қолданады, яғни табиғат пен қоғам құбылыстарын бір негіз тұрғысынан түсіндіруге тырысты.

Бұған мысал ретінде олар бағаның біртұтас түпнегізін зорғады. Сондықтан да австриялықтар үшін құндылықтың бір негіз тұрғысынан алғандағы қайнар көз – пайдалылық болып табылады. Австрия мектебін көп жағдайда субъективті-психологиялық мектептің қатарына жатқызады.

Австрия мектебіне жақын, бірақ одан мүлде дербес әр тәуелсіз түрдегі идеяны ағылшын ғалымы Уильям Стенли Джевонс (1835-1882) дамытты. Оның “Саяси экономия теориясы” кітабы австрия мектебінің негізін салушы К. Менгердің кітабымен бір уақытта 1871 ж басылып шықты.

Пайдалылық функциясын Джевонс үздіксіз деп қарастырды. Пайдалылықтың түпкөр көрсеткішіне Джевонс соңғы қосымша шексіз аз шамадағы игілік қорларының пайдалылығын жатқызады. Шекті пайдалылық деп ол пайдалылығы нөлге тең қосымша игіліктерді айтады. Осы пайдалылықтың соңғы көрсеткіштерінің теңелу тауарлар айырбасын құрайды дейді.

Джевонс кейн өзнң атын алған төмендегдей теореманы анықтады: оңтайлы тұтыну кезнде сатып алған тауарлардың түпк пайдалылық көрсеткіштер олардың бағасына тең болады.



Уильям Стенли
Джевонс

Мари Эспри Вальрас (1834-1910). Вальрасты әйгіл қылған еңбектернң шндег “Таза экономикалық теорияның элементтер”, “Ақша теориясы”, “Биметализмнң математикалық теориясы” атауға болады. Вальрас жалпы экономикалық тепе-теңдіктің тұйық математикалық моделн әрлеген алғашқы экономист.




Мари Эспри Вальрас

Экономикадағы тепе-теңдік мынадай үш шарттың сақталған жағдайында қамтамасыз етлед: 1) өндіргш қызметтерге деген тиімді сұраныс пен осы қызметтердң ұсынысы тең болған жағдайда; 2) рыноктағы өнімдер бағасы тұрақты болғанда;

3) өнімдердн сату бағасы оны өндіруге кеткен шығындарға тең болғанда.

Математикалық моделдеу түрінде тепе-теңдіктің бұл шарттары төрт түрлі өзара байланысты теңдеу жүйесі арқылы көрсетіледі. Бірінші жүйе өндіріс қызметтерінің ұсынысын сипаттайды. Екінші теңдеу жүйесі дайын өнімдерге деген сұранысты сипаттайды. Үшінші теңдеу жүйесі өндіріс қызметтерінің тұтынуды білдіреді. Төртінші теңдеу жүйесі өндіріс қызметтері мен дайын өнімдердің бағаларының қатынастарын көрсетеді. Бұл теңдеулер жүйесі бірінші рет өнім өндірісі мен өндіріс факторларының шығындары арасындағы қатынастарды көрсетеді.

Кембридж мектебінің негізгі бағыттары оның негізін салушы Кембридж университетінің профессоры А. Маршаллдың (1845-1924) еңбектерінен көрінеді. 1890ж негізгі “Экономика ғылымының принциптері” деп аталатын еңбек басылып шықты. Осы шығармасы арқылы А. Маршалл экономика ғылымында жаңа негізгі неоклассикалық бағыттың негізін салды деп есептеледі.



А. Маршалл

Маршалл ағылшынның классикалық мектебімен маржиналистік концепция идеяларын бірікте, байланыста зерттеуге талпынды. “Экономика ғылымының принциптері” еңбегінде Маршалл нарық тепе-теңдігінің ұсынысы мен сұранысы бағаларының тепе-теңдігі түрінде қарастырады.

Маршаллдың пікірінше, өндіріс шығындары мен шекті пайдалылық бағаны нақтылаушы тең құқылы факторлар болып табылады. Маршаллдың пікірінше құнды жасауға екі фактор қатынасады: өндіріс факторы және субъективті фактор.

Құн категориясы нақтылай алғанда Маршалдың талқылауында тепе-тең баға категориясымен үндесі

Маршалл құн мен баға арасындағы байланысты көрсетуге тырысқанмен, негізінде өзінің баға теориясының талдауын сұраныс пен ұсыныс қатынастарының шеңберінде жүргізді.

Бұл туралы Маршаллдың өз былай дейді: “сонымен мынадай қорытынды жасауға болады, жалпы ереже сияқты, қарастырылып отырған кезең қысқарған сайын бәздің талдауымыздағы сұраныстың құнға әсері көбірек ескерген жөн секілді, ал осы кезең ұзарған сайын, құнға өндіріс шығындарының әсері көбірек маңызға ие болады”.

Маршалл баға шамасының сұраныс пен ұсыныс қатынастары арқылы анықталатынын кері байланысты да көрсетті. Баға тепе-теңдік деңгейінен артып кетсе, ұсыныстың ұлғаюын ынталандырады. Сұраныстан артып озған ұсыныс бағаны керісінше тепе-теңдік деңгейіне дейін төмендетеді.

Егер нарықтық баға тепе-теңдік бағасынан төмен болса, ол сұранысты арттырады. Сұраныс ұсынысқа қарағанда артып, бағаның тепе-теңдік нүктесіне қарай жоғарылауын тудырады

Сонан кейін Маршалл сұраныстың баға өзгерісіне әсермен қатар, кері байланысты, бағаның өзгерісіне байланысты сұраныс серпінді қарастырады. Сөйтіп экономика ғылымына тағы да жаңа түсінік – сұраныс икемділігі енгізілді.

Сұраныс икемділігі дегеніміз – баға өзгерісі кезіндегі сұраныс ауытқуының көрсеткіші, яғни тауар бағасының төмендеген немесе жоғарылаған кезіндегі сұраныс көлемінің қаншалықты өсуі мен қысқаруы.

Маршалл экономика ғылымына көптеген жаңа категориялар енгізді, кейін олар сәйкес экономикалық теорияның алтын қорына айналды.

19ғ соңғы ширегінде АҚШ-та әлеуметтік мәселелер шиеленісе түсті



Осы кезеңде экономикалық мәселелерге байланысты ойлардың көрнекті өкілдерінің қатарына Колумбия университетінің профессоры, қоғам қайраткер Джоа Бейтс Кларк (1847-1938) жатады



Ол бірнеше еңбектердің авторы, солардың ішіндегі негізгілері - "Байлық философиясы" (1886), "Байлықтың бөлнуі" (1888), "Трестерді бақылау" (1901), "Экономикалық теория очерктері" (1924).



Универсалды заңға Кларк шекті пайдалылық заңын жатқызады. Оның пікірінше, шекті пайдалылық бұл сатып алушы белгілі топтың соңғы ақша бірлігіне сатып ала алатын игіліктің пайдалылығы. Ауқаттылығы төмен адамдар үшін бұл нақ хал ахуалы күйсіз адамдар үшін - қымбат кім, ал дәулетті топтың адамдары үшін - қымбат

АВТОКӨЛК

Тисінше төменгі топтың адамдары нанның, ортаңғы топ – кимнң, жоғары топ- көліктің бағаларын шарттайды.



Екіншден кез-келген тауар брнеше қасиеттерге толы, ол қасиеттердң әрбр сатушылардың өз тобын қызықтырып тартады. Мысалы, сағат уақытты көрсетед, оның сырты алтыннан немесе күмстен жасалған, ол белгл бр әуен ойнайды – бұлардың барлығы пайдалылықтың құрамдас

бөлгі

Сондықтан тауардың құны басқалар үшін брдей пайдалылықты ғана блдрп қоймайды, ол пайдалылықтың құрамдас бөлктернң жиынтығын блдреді.

Экономикалық теориядабұл жағдай “Кларк заңы” дегенді блдреді: тауардың бағасы шект пайдалылықтың құрамдас бөлктернң сомаларына тең, және әрбр жеке тұтынушы тобына бөлек шект пайдалылық сәйкес.

Кларк шект еңбек өнімділігі арқылы табыстардың бөлінс кезінде сақталатын әділеттіліктің нормативті принципін байқады.




Кларк экономикалық теорияны статикаға және динамикаға бөлед. Статика – экономикалық заңдардың с-әрекетін тұрғындар санының, ақша капиталының, техника мен технологияның және басқа да маңызды факторлардың өзгермейтін шартында қарастырады.



Статика – бұл қоғам жағдайының дамусыз, тыныштық пен тепе-теңдікте сипатталуы. Дәл осы статикада шаруашылықтың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің негізгі заңдылықтары ашылады. Кларктің пікірінше, дәл осы жағдайда өндірістің әрбір факторына тиесілі үлесін жүктелуін зерттеу қажет. Бұл зерттеулер шект пайдалылық пен кеммел өнімділіктің табиғи заңдары негізінде жүргізілуі тиіс.

Кларктың осы шект еңбек өнімділігі концепциясы батыстың экономикалық ілімдеріне зор үлес қосты. Оның есімі осы концепцияның арқасында әлемге әйгіл болды. Шект еңбек өнімділігі табыстарды қалыптастыруда басты принципке айналды.

Экономикалық теорияның келесі бөлімі динамика қайсыбір заңдылықтарды ашпайды



Ол тепе-теңдіктің бұзылуын, сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігін, салалық диспропорцияларды т.б. қарастырады. Экономиканың кейбір категориялары динамикамен байланысты

Кларктың шект және айрықша өнімділік концепциялары шектеулі ресурстар тұсында оңтайлы мәселелерді шешуге зор үлесін қосты